

"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Болгария Республикасы Үкіметінің арасындағы олардың тиісті аумақтары арасындағы және одан тыс жерлердегі Әуе қатынасы туралы келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 1 маусымдағы N 607 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Болгария Республикасы Үкіметінің арасындағы олардың тиісті аумақтары арасындағы және одан тыс жерлердегі Әуе қатынасы туралы келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

**Қазақстан Республикасының
Заңы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен
Болгария Республикасы Үкіметінің арасындағы олардың
тиісті аумақтары арасындағы және одан тыс жерлердегі
Әуе қатынасы туралы келісімді бекіту туралы**

София қаласында 1999 жылғы 15 қыркүйекте жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Болгария Республикасы Үкіметінің арасындағы олардың тиісті аумақтары арасындағы және одан тыс жерлердегі Әуе қатынасы туралы келісім бекітілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен
Болгария Республикасы Үкіметінің арасындағы
олардың тиісті аумақтары арасындағы және одан
тыс жерлердегі Әуе қатынасы туралы
Келісім**

Бұдан әрі "Уағдаласушы Тараптар" деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Болгария Республикасының Үкіметі,
Чикагода 1944 жылғы 7 желтоқсанда қол қою үшін ашылған Халықаралық

азаматтық авиация туралы конвенцияның қатысушылары ретінде, олар үшін осы Конвенцияға қатысудан туындайтын қағидаттарды, құқықтар мен міндеттемелерді ұ с т а н а о т ы р ы п ,

екі Тараптың тасымалдаушылары үшін бәсекелестікті құру, қауіпсіз, тиімді және олардың елдері қоғамының қажеттілігіне жауап беретін халықаралық әуе қатынасын қамтамасыз ету үшін тең және әділ мүмкіндіктер беруді шеше отырып, олардың тиісті аумақтары арасында және одан тыс жерлердегі халықаралық әуе авиажелілерін белгілеу мақсатында келісім жасасуға тілек білдіре отырып, төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Терминология

1. Егер өзге мәні айрықша ескертілмесе, осы Келісімді түсіндіру мен қолдану мақсаттары үшін келесі анықтамалар мыналарды білдіреді:

а) "Конвенция" термині - Чикагода 1944 жылғы 7 желтоқсанда қол қою үшін ашылған Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияны білдіреді және оған м ы н а л а р к і р е д і :

- осы Конвенцияның 94 (а) бабына сәйкес күшіне енген және екі Уағдаласушы Тараппен бекітілген кез келген өзгерісі;

- осы Конвенцияға кез келген Қосымша немесе Конвенцияның 90-бабына сәйкес осы Қосымшаның өзгерістері, осы қосымшалар мен түзетулер күшіне енген немесе екі Уағдаласушы Тараппен бекітілген дәрежеде;

б) "авиациялық өкімет орындары" термині - Қазақстан Республикасының Үкіметіне қатысты - Азаматтық авиация комитеті тұлғасында Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігін - ал Болгария Республикасының Үкіметіне қатысты - Азаматтық Әуеде ұшу Әкімшілігінің Бас Дирекциясын және екі жағдайда да осы кезде аталған өкімет орындары орындайтын міндеттерді орындауға тиісті түрде уәкілетті болған кез келген тұлғаны немесе органды білдіреді;

в) "тағайындалған авиакәсіпорын (дар)" термині - осы Келісімнің 4-бабына сәйкес тағайындалған және уәкілетті болған авиакәсіпорынды білдіреді;

г) "аумақ" термині мемлекетке қатысты осы мемлекеттің егемендігіндегі жер беттерін, аумақтық және ішкі суларын және оның үстіндегі әуе кеңістігін білдіреді;

д) "әуе қатынасы", "халықаралық әуе қатынасы" және "коммерциялық емес мақсатпен аялдама жасау" терминдері Конвенцияның 96-бабында олар үшін көрсетілген мағынаны білдіреді;

е) "шарттық желілер" және "белгіленген бағыттар" осы Келісімнің Қосымшасында айтылған бағыттарда тиісінше белгіленген тұрақты әуе желілерін білдіреді;

ж) "сыйымдылық" термині әуе кемесіне қатысты бағыт немесе оның бөлігі

бойынша осы әуе кемесі қабылдауы мүмкін жолаушы орындарын және жүктің санымен көрсетілген коммерциялық тиеп толтыруды білдіреді;

з) "сыйымдылық" термині белгіленген әуе желісіне қатысты осы желіде пайдаланылатын әуе кемесі сыйымдылығының белгіленген бағытта немесе оның бөлігінде белгілі уақыт кезеңіндегі ұшулардың санына көбейтілгенді білдіреді;

и) "тариф" термині - жолаушыларды, теңдеме жүкті және жүкті тасымалдау үшін алынатын бағаны және осы баға қолданылатын шарттарды, соның ішінде агенттік және өзге де қосымша қызмет көрсетулер үшін бағалар мен шарттарды, бірақ почтаны тасымалдаудың төлемі мен шарттарынан басқаны білдіреді;

к) "тасымалдар" термині авиакөлікпен жолаушылар, теңдеме жүк, жүк және почта т а с ы м а л д а р ы н б і л д і р е д і ;

л) "әуежайлық алымдар немесе көрсетілген қызмет үшін басқа алымдар" термині Уағдаласушы-Тараптардың құзыретті органдары әуе кемелеріне, жолаушыларға, теңдеме жүкке және жүкке қызмет көрсетуге, әуе қозғалысын басқару үшін әуежайларды, құрылыстарды немесе құралдарды пайдаланатын авиакәсіпорындардан алатын немесе алуға рұқсат беретін алымдарды білдіреді.

2. Осы Келісімге Қосымша оның ажырамас бөлігі болып есептеледі және Келісімге әрбір сілтеме, өзгеше көзделген жағдайлардан басқа кезде Қосымша мен өзгерістерге де қатысты.

2-бап

Чикаго конвенциясы

Осы Келісімнің ережелері Чикаго Конвенциясының ережелеріне, олардың халықаралық әуе қатынасына қолданылу дәрежесінде бағынышты.

3-бап

Құқықтардың берілуі

1. Уағдаласушы Тараптардың әрқайсысы екінші Уағдаласушы Тарапқа олардың тиісті аумақтары арасында белгіленген бағыттарда тұрақты халықаралық әуе желілерін белгілеу және пайдалану мақсатында осы Келісімде көзделген құқықтарды береді. Уағдаласушы Тараптардың әрқайсысының тағайындалған авиакәсіпорны белгіленген бағыттарда шарттық желілерді пайдалану кезінде жолаушыларды, теңдеме жүкте, жүк және халықаралық жолдаудағы почтаны екінші Уағдаласушы Тараптың аумағындағы пункттерге немесе пункттерден тиеу және түсіру мақсатында екінші Уағдаласушы Тараптың аумағында осы Келісімнің Қосымшасында көрсетілген пункттерде қону құқығын пайдаланатын болады.

2. Уағдаласушы Тараптардың әрқайсысы осы Баптың 1-тармағымен берілетін құқықтарға қосымша екінші Уағдаласушы Тараптың тағайындалған авиакәсіпорнына

белгіленген бағыт бойынша шарттық желілерді пайдалану кезінде:

а) екінші Уағдаласушы Тараптың аумағына қонусыз осы мақсат үшін белгіленген халықаралық әуе жолдарымен ұшып өту құқығын;

б) екінші Уағдаласушы Тараптың аумағына коммерциялық емес мақсаттармен қону құқығын береді.

3. Осы Баптың ештеңесі де бір Уағдаласушы Тараптың тағайындалған авиакәсіпорнының екінші Уағдаласушы Тараптың аумағында орналасқан пункттер арасында сыйақы үшін немесе жалдау шартында жолаушыларды, теңдеме жүкті, жүк пен почтаны тасымалдау үшін бортқа алуына құқық береді деп қаралмайтын болады.

4. Уағдаласушы Тараптардың әрқайсысы екінші Уағдаласушы Тараптың тұрақты халықаралық әуе тасымалдарымен айналыспайтын азаматтық әуе кемелеріне ұшуларды орындау үшін қауіпсіздік пен ұшуларды жоспарлау мақсатында талап етілетін алдын ала рұқсатты алғаннан кейін олардың аумағы арқылы ұшу және коммерциялық емес мақсаттармен қону құқығы берілетінімен келіседі.

5. Сыйақы үшін немесе жалдау шартында жолаушыларды, теңдеме жүкті, жүк пен почтаны тасымалдаумен айналысатын, бірақ тұрақты халықаралық қатынастарда емес, азаматтық әуе кемелері тиеу немесе түсіру жүргізілетін Уағдаласушы Тарапта ол қажетті деп есептеуі мүмкін осындай ережелерді, шарттарды және шектеулерді орнатуға құқығы бар шартымен, жолаушыларды, теңдеме жүкті, жүк пен почтаны бортқа алу немесе түсіру басымдығын пайдалануы мүмкін. Дегенмен, бұл құқық ешбір кезде әуе көлігінің қызметі мүмкіншіліксіз немесе тиімсіз болмайтындай жүзеге асырылуы тиіс.

4-бап

Авиакәсіпорындарды тағайындау және пайдалануға рұқсаттар беру

1. Уағдаласушы Тараптардың әрқайсысы орнатылған бағыттарда шарттық желілерді пайдалану мақсатымен бір немесе бірнеше авиакәсіпорынды тағайындауға, сондай-ақ алмастыру жүргізуге немесе осы тағайындауды өзгертуге құқығы бар. Осындай тағайындау жазбаша нысанда жасалады және екінші Уағдаласушы Тарапқа дипломатиялық арналар арқылы тапсырылады.

2. Шарттық желілерді пайдалану кезінде бір Уағдаласушы Тараптың тағайындалған авиакәсіпорны осы бағыттар немесе оның бөлігі бойынша екінші Уағдаласушы Тараптың авиажелілерінде тасымалдарға қисынсыз залал келтірмеу үшін оның тағайындалған авиакәсіпорнының мүддесіне назар аударуы тиіс.

3. Уағдаласушы Тараптың тағайындалған авиакәсіпорындары пайдаланатын шарттық желілер бойынша берілетін сыйымдылық белгіленген бағыттарда тасымалдауда қоғамдық қажеттілікке сәйкес болуы тиіс және әрбір тағайындалған

авиакәсіпорынның ақылға қонымды тиеу коэффициенті кезінде екінші Уағдаласушы Тараптың аумағына және аумағынан жолаушыларды, жүкті, теңдеме жүкті және почтаны тасымалдауда бар және ақылға қонымды болжанатын қажеттілікке жауап беретін сыйымдылық беру бірінші кезекті міндеті болуы тиіс.

4. Осы Баптың 3-тармағы бойынша тасымалдарды орындау кезінде осы Келісімде белгіленген бағыттарда үшінші елдерге немесе үшінші елдерден шыққан халықаралық сапардағы жолаушыларды пунктте немесе пункттерде отырғызу және түсіру құқығы с ы й ы м д ы л ы қ :

а) тасымалдау бастау елі мен тасымалдаудың соңғы бару пункті елінің арасында т а с ы м а л д а р ғ а қ а ж е т т і л і к к е ;

б) тағайындалған авиакәсіпорын аймаққа енгізілген мемлекеттердің авиакәсіпорындары ұсынатын жергілікті және аймақтық тасымалдауды ескере отырып, сол арқылы ұшуларды жүзеге асыратын ауданның тасымалдарға қажеттілігіне;

в) тоқтамай өтетін тасымалдарға, шарттық желілерді тұтастай және үнемді пайдалану қажеттілігіне байланысты болуы тиіс деген жалпы Қағидаттарға сәйкес ж ү з е г е а с ы р ы л а д ы .

5. Уағдаласушы Тараптың қайсібірі осы Келісімге сәйкес берілетін сыйымдылықты қайта қарауды талап еткен барлық жағдайларда Уағдаласушы Тараптың тағайындалған авиакәсіпорындары арасында тасымалдарды жүзеге асыруды реттейтін осы Бап қағидаттарының қолданылуын қамтамасыз ету үшін консультациялар жүргізеді. Авиакәсіпорындар уағдаластықтарға қол жеткізе алмаған жағдайларда авиациялық өкімет орындары мәселені келіссөздер арқылы шешеді.

6. Осы Баптың шарттары бойынша тағайындалған және уәкілетті болған авиакәсіпорын осы Келісімнің 8 және 11-баптарына сәйкес белгіленген ұшулардың кестесі мен тарифтер күшіне енген шартымен кез келген сәтте шарттық желілерді пайдалануды бастай алады.

5-бап

Құқықтардың күшін жою немесе уақытша тоқтату

1. Уағдаласушы Тараптардың әрқайсысы авиациялық өкімет орындары пайдалану рұқсатын жоюға, шақыртып алуға немесе уақытша тоқтатуға, осы Келісімнің 3-бабында көрсетілген екінші Уағдаласушы Тараптың тағайындалған авиакәсіпорнына берілген құқықтардың пайдалануын шектеуге немесе осы Келісім бойынша құқықтарды пайдалану кезінде қажетті деген шарттардың орындалуын талап етуге қ ұ қ ы л ы :

а) оларда осы авиакәсіпорынды тағайындаған Уағдаласушы Тараптың немесе оның азаматтарының осы авиакәсіпорын үстінен айырықша иелік және шынайы бақылау жасай алатындығына дәлелі болмаса және сенімді болмаған кез келген жағдайда;

н е м е с е

б) осы авиакәсіпорын бұл құқықтарды берген Уағдаласушы Тараптың заңдары мен ережелерін сақтамаған жағдайда;

в) авиакәсіпорын қандай да бір себептермен осы Келісімде нұсқалған шарттарды сақтамаған жағдайда.

2. Осы құқық, осы Бапты жедел жою, уақытша тоқтату немесе шарттарының орындалуын талап ету, заңдар мен ережелердің одан әрі де бұзудың алдын алуға қажетті болып табылатыннан басқа жағдайларда, Уағдаласушы Тараптардың авиациялық өкімет орындарының арасындағы консультациялардан кейін ғана пайдаланылатын болады. Бұл жағдайда консультациялар сұрау түскен уақыттан бастап мүмкіндігінше қысқа мерзімде өткізілуі тиіс.

6-бап

Сыйымдылық және әуе желілерін пайдалану қағидаттары

1. Уағдаласушы Тараптардың тағайындалған авиакәсіпорындарына олардың тиісті аумақтарының арасында орнатылған бағыттарда шарттық желілерді пайдалану үшін тең және әділ жағдайлар жасалады.

2. Уағдаласушы Тарап бір авиакәсіпорыннан артық тағайындауға тілек білдірген жағдайда, Уағдаласушы Тараптардың авиациялық өкімет орындарының арасында осы Келісімнің 19-бабына сәйкес консультациялар жүргізіледі. Көптеп тағайындауды қабылдаудың қажетті шарты авиакәсіпорындар және/немесе авиациялық өкімет орындарының арасында осы Келісімнің 6-бабының 1, 2 және 3-тармақтарында жазылған қағидаттардың негізінде уағдаластыққа қол жеткізу болып табылады.

3. Бір Уағдаласушы Тарап осы Баптың 1-тармағында көрсетілген жолмен тағайындалғанда және тағайындалған авиакәсіпорынның пайдалану рұқсатын беруге тиісті тапсырысын алған кезде, екінші Уағдаласушы Тараптың авиациялық өкімет орындары белгіленген ұлттық ережелер мен тәртіпке сәйкес тағайындалған авиакәсіпорынға пайдалану рұқсатын мына шарттармен береді:

а) осы авиакәсіпорын үстінен айырықша иелік және тиімді бақылау оны тағайындаған Уағдаласушы Тарапқа немесе оның азаматтарына тиесілі;

б) тағайындалған авиакәсіпорын Конвенцияның ережелеріне сәйкес әдетте ол халықаралық әуе желілерін пайдалануға қатысты қолданатын рұқсаттарды беретін Уағдаласушы Тараптың заңдары мен ережелерін сақтауға қабілетті;

в) тағайындалған авиакәсіпорын осы Келісімнің ережелерін сақтай алатын жағдайда

4. Егер пайдалану рұқсатын беретін Уағдаласушы Тараптың авиациялық билік орындары рұқсатты бергенге дейін екінші Уағдаласушы Тарап тағайындаған авиакәсіпорынның осы Баптың 3 (а, б, в) тармағының талаптарына жауап беретініне

және шарттарын орындауға қабілетті екендігіне дәлелдерді талап етіп және ақылға қонымды дәлел алмаса немесе қанағаттанбаса, онда олардың пайдалану рұқсатын беруден бас тартуға, консультациялар жүргізуді сұрауға немесе әрбір нақты жағдайға байланысты олар қолдану қажет деп есептейтін шарттарды қолдануға құқылы.

7-бап

Тұрақты емес ұшуларға қолдану

1. Осы Келісімнің "Заңдар мен ережелерді қолдану", "Сертификаттар мен куәліктерді тану", "Авиация қауіпсіздігі", "Консультациялар", "Әуежайлық және басқа да алымдар", "Кеден баждары мен басқа да салықтардан босату", "Ақпарат пен статистика беру" баптарында көрсетілген ережелер бір Уағдаласушы Тараптың тасымалдаушыларымен екінші Уағдаласушы Тараптың аумағына/н бағытында орындалатын тұрақты емес ұшуларға қолданылатын болады.

2. Осы Баптың 1-тармағындағы ештеңе авиакәсіпорынның тұрақты емес ұшуларды орындауына қатысты ұлттық заңдар мен ережелерді бұзбауы тиіс.

3. Екі Уағдаласушы Тараптың тасымалдаушыларында Уағдаласушы Тараптың аумағына/н тұрақты емес ұшуларды орындау кезінде тең және әділ мүмкіндіктері болады. Осыларды орындау кезінде шарттық тұрақты желілерді пайдаланатын тағайындалған авиакәсіпорындар осы бағыт, оның бөлігі немесе олардың бағыттар желісі бойынша тасымалдарға қисынсыз залал келтірмеу үшін оның мүддесіне назар аударуы тиіс. Тасымалдаудың берілетін көлемі, әдеттегідей, Уағдаласушы Тарап тасымалдаушыларының арасында тең бөлінетін болады және осы Келісімнің 6-бабының 3-тармағында белгіленген ережелерге сәйкес реттелетін болады.

8-бап

Кестелерді бекіту

Ұшу кестелері, пайдаланылудағы шарттық желілердің рейстер жиілігін қоса, Уағдаласушы Тараптың тағайындалған авиакәсіпорындарының арасында орнатылатын және екі жақты тәртіпте келісілетін және олардың күшіне енуінен кемінде 30 (отыз) күн бұрын авиациялық өкімет орындарына бекітуге ұсынылатын болады. Тағайындалған авиакәсіпорындар ұшу кестелері және рейстердің жиілігі бойынша уағдаластыққа қол жеткізе алмаған жағдайда осы мәселелер Уағдаласушы Тараптың авиациялық өкімет орындарымен шешілуі тиіс.

9-бап

Кедендік баждар мен басқа да салықтардан босату

1. Уағдаласушы Тараптардың әрқайсысы екінші Уағдаласушы Тараптың тағайындалған авиакәсіпорындарының әуе кемелерін оның аумағына келгенде оның ұлттық заңдары рұқсат ететін дәрежеге дейін жанармайға, әуе кемесіне, жағармай материалдарына, қосалқы бөлшектерге (қозғалтқыштарды қоса), табельдік мүлікке, борттық қорларға (тамақ өнімдерін, алкогольдік және басқа сусындарды, темекі бұйымдарын, ұшу кезінде жолаушыларға шектелген мөлшерде сату үшін арналған тауарларды қоса) байланысты және тағайындалған авиакәсіпорынның әуе кемелеріне қызмет көрсету үшін ғана пайдаланылатын заттарды, осы мүлік, материалдар, қорлар және тауарлар оларды кері алып шыққан сәтке дейін әуе кемесінің бортында қалады деген шартпен, импорттық шектеулерден, баждардан, акциздік алымдардан, инспекция үшін алымдардан және басқа ұлттық салықтар мен төлемдерден өзара негізде босататын болады. Сондай-ақ осы тәрізді алымдардан және салықтардан тағайындалған авиакәсіпорындар ақысыз тарататын жарнамалық материалдарды қоса, авиабилеттер, авиажүк құжаттамалары мен құжаттар, тағайындалған авиакәсіпорындардың белгісімен баспа материалдары босатылатын болады.

2. Осы Бап бойынша босату, көрсетілген қызметтер үшін алымдарды қоспағанда, 1-тармақта көрсетілген мына заттарға қолданылатын болады:

а) бір Уағдаласушы Тараптың аумағына енгізілген және екінші Уағдаласушы Тараптың тағайындалған авиакәсіпорнына арналған;

б) екінші Уағдаласушы Тарап аумағына ұшып келу немесе ұшып кету уақытында бір Уағдаласушы Тараптың тағайындалған авиакәсіпорны әуе кемесінің бортында т ұ р ғ а н ;

в) осы Уағдаласушы Тараптың аумағында бұл заттар қабылданады деген шартпен екінші Уағдаласушы Тараптың аумағында бір Уағдаласушы Тараптың тағайындалған авиакәсіпорны әуе кемесінің бортына шарттық желілерде пайдалану мақсатымен, оларды босатуға рұқсат ететін Уағдаласушы Тараптың аумағында осы заттар бүтіндей немесе ішінара пайдаланылуына немесе қолданылуына қарамастан, қабылданған.

3. Шарттық желілерде бір Уағдаласушы Тараптың тағайындалған авиакәсіпорны пайдаланатын табельдік борт мүліктері, материалдар, қорлар және, әдетте, әуе кемесінің бортында болатын тауарлар екінші бір Уағдаласушы Тарап мемлекетінің аумағына тек қана осы екінші Уағдаласушы Тараптың кезеңдік өкімет орындарының келісуімен ғана түсірілуі мүмкін. Бұл жағдайда, олар кері әкетілген сәтке дейін немесе кедендік ережелерге сәйкес басқадай қолданыс тапқанға дейін, аталған өкімет орындарының бақылауына алынуы мүмкін.

4. Осы Баптың 1-тармағында айтылған баждардан, алымдардан және салықтардан босату бір Уағдаласушы Тараптың тағайындалған авиакәсіпорны екінші авиакәсіпорынға уақытша пайдалануға қарызға қосалқы бөлшектермен бірге

авиациялық жабдықты берген жағдайларда, екінші авиакәсіпорын екінші Уағдаласушы Тараптың аумағында баждардан, алымдардан және салықтардан дәл осындай босату құқығын пайдаланады деген шартпен қолданылатын болады.

10-бап

Тікелей транзит

Бір Уағдаласушы Тараптың аумағы арқылы тікелей транзитпен ұшатын, әуежайдың оларға белгіленген аумағынан шықпайтын жолаушыларға, теңдеме жүкке және жүкке заңсыз араласу, әуе көлігінде қарақшылық және есірткілерді жасырын өткізу іс-әрекеттерін болдырмау шараларынан басқада, бақылаудың жеңіл түрлері қолданылатын болады. Тікелей транзиттің теңдеме жүгі мен жүгі кедендік және басқадай алымдардан босатылатын болады.

11-бап

Тарифтер

1. Бір Уағдаласушы Тарап кез келген шарттық желіде екінші Уағдаласушы Тарап аумағына/н бағытта тасымалдау үшін алатын тарифтер барлық тиісті факторларды ескере отырып, пайдалану шығындарын, орынды пайданы, (жылдамдық және қолайлылық сияқты) тасымалдау стандарттарын және басқа авиакәсіпорындардың тарифтерін қоса, ақылға қонымды деңгейде белгіленуі тиіс.

2. Осы Баптың 1-тармағында көрсетілген тарифтер барлық бағытты немесе оның бөлігін пайдаланатын басқа тағайындалған авиакәсіпорындармен консультациялардан кейін, мүмкіндігінше, тағайындалған авиакәсіпорындар арасында келісілуі тиіс, осындай уағдаластыққа, мүмкіндік болса, Халықаралық әуе көлігі қауымдастығының (ИАТА) тарифтерді белгілеу тетігін қолдану арқылы қол жеткізіледі.

3. Осылайша келісілген тарифтер екі Уағдаласушы Тараптың авиациялық өкімет орындарының бекітуіне олардың болжанған енгізу күнінен кем дегенде 45 (қырық бес) күн бұрын ұсынылатын болады. Ерекше жағдайларда бұл мерзім авиациялық өкімет орындарының арасындағы уағдаластық бойынша қысқартылуы мүмкін.

4. Тарифтерді бекіту туралы мәлімдеме жіберілуі мүмкін. Алайда, егер осы өкімет орындарының бірі де осы Баптың 3-тармағына сәйкес тарифтерді бекітуге көрсеткен уақыттан бастап ұсынылған тарифтермен өзінің келіспеушілігі туралы 30 (отыз) күннің ішінде мәлімдемесе, онда осы тарифтер бекітілген деп есептеледі. Егер осы Баптың 3-тармағында көрсетілген ұсыну кезеңі қысқартылған жағдайда, авиациялық өкімет орындары мақұлдамауы туралы ескерту кезеңі 30 (отыз) күннен кем болуына келісуі м ү м к і н .

5. Егер осы Баптың 2-тармағына сәйкес келісілуі мүмкін емес немесе осы Баптың 4-тармағына сәйкес қолданылатын кезең ішінде осы Баптың 2-тармағына сәйкес

келісілген қайсібір тарифтермен келіспеушілігі туралы авиациялық өкімет орындарының бірі мәлімдемесе, жіберген жағдайда, Уағдаласушы Тараптың авиациялық өкімет орындары осы тарифті өзара келісу жолымен анықтауға күш салады

6. Егер Уағдаласушы Тараптардың авиациялық өкімет орындары осы Баптың 3-тармағына сәйкес ұсынылған тарифтермен немесе осы Баптың 5-тармағына сәйкес тарифті айқындау жөнінде келісімге келе алмаса, келіспеушіліктер осы Келісімнің 20-бабының ережелеріне сәйкес шешілуі тиіс.

7. Осы Баптың ережелеріне сәйкес белгіленген тариф жаңа тарифтер белгіленгенге дейін күшінде қалады. Алайда, кез келген тарифтің күші оның күш мерзімі аяқталған уақыттан кейін 12 (он екі) айдан асыра ұзартылмайды.

12-бап

Ақпарат пен статистиканы беру

Бір Уағдаласушы Тараптың авиациялық өкімет орындары екінші Уағдаласушы Тараптың авиациялық өкімет орындарына олардың талабы бойынша осы Бапта бірінші аталған Уағдаласушы Тараптың тағайындалған авиакәсіпорындары шарттық желілерде ұсынатын сыйымдылығын тексеру мақсатымен ақылға қонымды талап етілуі мүмкін мерзімдік немесе басқа статистикалық ақпараттарды беруге міндетті. Бұл мәліметтерге авиакәсіпорынның шарттық желілерде жүзеге асырған тасымалдау көлемін анықтау үшін қажетті барлық ақпарат, сондай-ақ осындай тасымалдардың бастапқы жөнелту пункті мен соңғы жеткізу пункті кіретін болады.

13-бап

Көлік құжаттарын сату, коммерциялық қызмет және табыстарды аудару

1. Әрбір Уағдаласушы Тарап, өзара тілектестік қағидаттарына сүйене отырып, екінші Уағдаласушы Тараптың тағайындалған авиакәсіпорнына, сол мемлекеттің аумағында жолаушыларды, жүкті және теңдеме жүкті тасымалдауға байланысты меншікті тасымалдау құжаттары мен қызмет көрсетулерін тікелей өзі не болмаса сату жөніндегі агент арқылы, осы аумақта қолданылатын ұлттық заңдар мен ережелерге сәйкес ұлттық және кез келген еркін айналыстағы валютаға еркін сату құқығын береді.

2. Уағдаласушы Тараптар тағайындалған авиакәсіпорындарының өзара тілектестік негізде және ұлттық заңдар мен ережелерге сәйкес сату аумағынан өз аумағына осы авиакәсіпорындармен жолаушыларды, жүкті және теңдеме жүкті тасымалдауға байланысты шарттық желілерді пайдаланудан алынған шығыстардан асқан табыс сомаларын ресми айырбастау бағамы бойынша еркін аударуға құқылы. Бұл аудару

жүйесіне сонымен қатар тікелей өзі немесе көлік қызмет көрсетулерін сату жөніндегі агент арқылы жүзеге асырылған қосалқы сипатты қосымша қызмет көрсетулерді сатудан түскен және аударуға дейін есептелетін төлемдерден алынатын қалыпты саудалық пайыздар енгізілген.

3. Егер Уағдаласушы Тараптардың арасындағы төлемдер арнайы Келісіммен реттелген жағдайда, осындай Келісімнің ережелері қолданылатын болады.

14-бап

Өкілдік

1. Уағдаласушы Тараптардың әрқайсысының тағайындалған авиакәсіпорны екінші Уағдаласушы Тараптың аумағында шарттық әуе желілерді пайдалануды қамтамасыз ету үшін, өзара тілектестік негізде, қажетті техникалық, коммерциялық және әкімшілік қызметшілерімен өзінің өкілдігін ұстауға құқылы. Бұл қызметшілер екі Уағдаласушы Тараптың азаматтарынан тұруы мүмкін.

2. Тағайындалған авиакәсіпорынның қарауымен өкілдік қызметшілеріне талаптар өзінің жеке қызметшілерін тағайындау жолымен немесе екінші Уағдаласушы Тараптың аумағында іс-әрекет жасайтын және осы екінші Уағдаласушы Тараптың аумағында сәйкес міндеттерді орындауға уәкілетті болған ұйымның, компанияның немесе авиакәсіпорынның қызмет көрсетуін пайдалануы арқылы қанағаттандырылуы мүмкін.

3. Өкілдер мен қызметшілер осы аумақта қолданылатын заңдар мен ережелерге бағынуы тиіс және әрбір Уағдаласушы Тарап өзара тілектестік негізде қысқа мерзімдерде жұмысқа рұқсаттарды, жұмыс визаларын және осы Баптың 1-тармағында айтылған өкілдер мен қызметшілерге барлық қажетті құжаттарды беретін болады.

15-бап

Заңдар мен ережелердің қолданылуы

1. Бір Уағдаласушы Тарап мемлекетінің халықаралық ұшуларды орындайтын әуе кемелерінің оның аумағына ұшып келуін және ұшып кетуін немесе осы аумақта болу уақытында осы әуе кемелерінің пайдалануын және навигациясын реттейтін заңдары мен ережелері екінші Уағдаласушы Тараптың тағайындалған авиакәсіпорнының әуе кемелеріне де қолданылатын болады.

2. Бір Уағдаласушы Тараптың өз аумағынан жолаушылардың, экипаждардың, жүктің, почтаның және теңдеме жүктің келуін, болуын, кетуін немесе транзитпен өтуін реттейтін заңдары мен ережелері, атап айтқанда екінші Уағдаласушы Тараптың тағайындалған авиакәсіпорнының әуе кемелері аумағына келетін Уағдаласушы Тарап қабылдаған кіруге-шығуға, иммиграция мен эмиграцияға, төлқұжаттық, кедендік, валюталық, санитарлық және карантиндік ережелерге қатысты нысандылықтар, оның көрсетілген аумақ шегінде болуы уақытында қолданылатын болады.

3. Уағдаласушы Тараптың тағайындалған авиакәсіпорны пайдаланатын әуе кемелері экипаждарының кетуі, болуы және келуі үшін, олар кері бағыт бойынша дәл сол рейспен қайтқанда, өзара тілектестік негізде визалар талап етілмейтін болады. Бұл әуе кемесінің техникалық күйінен немесе денсаулығына байланысты экипаж елде қалатын және кері бағыт бойынша келесі рейспен қайтатын жағдайларға да қатысты.

4. Уағдаласушы Тараптың ешқайсысы кедендік, иммиграциялық, карантиндік және рәсімдер мен нысандылықтардың басқа түрлерін қолдану немесе әуеайлақтарды, әуе қозғалысын басқарудың қызметтерін және соларға байланысты оның қадағалауындағы құрылыстарды пайдалану кезінде халықаралық әуе тасымалдарын орындайтын өзінің немесе кез келген басқаның авиакәсіпорнына екінші Уағдаласушы Тараптың тағайындалған авиакәсіпорнының алдында артықшылық бермейді.

16-бап

Сертификаттар мен куәліктерді тану

1. Уағдаласушы Тараптардың бірі берген немесе пәрменді деп танылған, күш мерзімі аяқталмаған ұшуға жарамдылық, біліктілік куәліктері және лицензиялар шарттық желілерді пайдалану мақсатымен, соларға сәйкес куәліктер мен айғақтамалар берілетін немесе мақұлданатын талаптар, олар үшін Конвенцияда белгіленген стандарттарға сәйкес келеді немесе одан асады деген шартпен, екінші Уағдаласушы Тараппен де пәрменді деп танылады.

2. Уағдаласушы Тараптардың әрқайсысы өз аумағының үстінен ұшуға қатысты екінші Уағдаласушы Тараптың авиациялық өкімет орындары өз азаматтарына берген біліктілік куәліктері мен айғақтамаларынан бас тарту құқығын сақтайды.

17-бап

Әуежайлық және басқа алымдар

1. Уағдаласушы Тараптардың әрқайсысы әуежайларды, құрылыстарды, техникалық және басқа да құралдарды пайдалануы үшін орынды және әділ алымдарды, осы алымдар халықаралық авиатасымалдарға қатысатын басқа авиакәсіпорындардан алынатын алымдардан жоғары болмайды деген шартпен қолдануға немесе қолдануға р ұ қ с а т б е р у г е қ ұ қ ы л ы .

2. Уағдаласушы Тараптардың әрқайсысы олардың құзыретті органдары немесе осы алымдарды анықтауға жауапты ұйымдар және құрылыстар мен қызмет көрсетулерді пайдаланатын тағайындалған авиакәсіпорындар (мүмкін болған жерде авиакәсіпорындардың өкілдері арқылы) арасында алдын ала консультациялар жүргізуді көтермелейді. Жаңа алымдарды енгізу туралы ұсыныстар болған жағдайда тиісті ескерту қызмет көрсетуді пайдаланушыларға өздерінің пікірлерін білдіруге мүмкіндік беру үшін күшіне енгізілгенге дейін берілуі тиіс.

18-бап

Авиация қауіпсіздігі

1. Уағдаласушы Тараптар халықаралық құқықтардан туындайтын өздерінің құқықтары мен міндеттемелеріне сәйкес бір біріне қатысты алған азаматтық авиацияның қауіпсіздігіне заңсыз араласу іс-әрекеттерінен қорғау міндеттері осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатынын мақұлдайды. Халықаралық заңдарда көрсетілген құқықтары мен міндеттерінің жалпылама қолданысымен шектеліп қоймай, Уағдаласушы Тараптар сонымен бірге, Токиода 1963 жылғы 14 қыркүйекте қол қойылған Әуе кемелерінің бортында жасалатын қылмыстар мен кейбір басқа актілер туралы конвенцияның, Гаагада 1970 жылғы 16 желтоқсанда қол қойылған Әуе кемелерін заңсыз басып алуға тойтарыс беру туралы конвенцияның және Монреальда 1971 жылғы 23 қыркүйекте қол қойылған Азаматтық авиация қауіпсіздігіне қарсы жасалатын заңсыз актілермен күресу туралы конвенцияның, Монреальда 1988 жылғы 24 ақпанда қол қойылған Азаматтық авиацияға қызмет көрсететін халықаралық әуежайларда заңсыз күш көрсету актілерімен күресу туралы хаттама ережелеріне, сондай-ақ олар осы салада болашақта бекітуі мүмкін барлық басқа халықаралық құжаттар ережелеріне сәйкес әрекет жасайды.

2. Уағдаласушы Тараптар бір Уағдаласушы Тараптың өтініші бойынша әуе кемелерін заңсыз басып алу іс-әрекеттеріне және осы әуе кемелерінің, олардың жолаушыларының, экипаждарының, әуежайлары мен аэронавигациялық құралдарының қауіпсіздігіне қарсы бағытталған заңсыз іс-әрекеттерге, сондай-ақ азаматтық авиация қауіпсіздігіне қатер төндіретін әрқилы әрекеттерге жол бермеуде бір біріне қажетті барлық көмегін көрсетеді.

3. Уағдаласушы Тараптар өзара қарым-қатынасын Халықаралық азаматтық авиация ұйымы орнатқан және Халықаралық азаматтық авиация жөніндегі конвенцияның Қосымшаларында көзделген авиация қауіпсіздігі жөніндегі ережелерге сәйкес, осындай ережелер мен талаптар Уағдаласушы Тараптарға қолданылуы мүмкін дәрежеде, іс-әрекет жасайды; олар өздерінде тіркелген әуе кемелерін пайдаланушылардан, қызмет орыны мен тұрақты тұрғылықты орындары олардың аумағындағы әуе кемелерін пайдаланушылардан және олардың аумақтарындағы халықаралық әуежайларды пайдаланушылардан авиация қауіпсіздігі жөніндегі осындай ережелер мен талаптарға сәйкес іс-әрекет жасауларын талап ететін болады.

4. Уағдаласушы Тараптардың әрқайсысы екінші Уағдаласушы Тараптың аумағы шеңберіне ұшып бару, онда болу және одан ұшып кету үшін қажетті осы Баптың 3-тармағында айтылған авиация қауіпсіздігі туралы ережелер мен талаптардың толық орындалуын сол әуе кемелерін пайдаланушылардан екінші Уағдаласушы Тарап талап етуі мүмкін дегенге келіседі. Уағдаласушы Тараптардың әрқайсысы өз аумағы

шеңберінде әуе кемелерін қорғау үшін және жолаушыларды, экипажды, қол жүгін, теңдеме жүкті, жүкті және борттық қорларды отырғызудан немесе тиеуден бұрын, әйтпесе сол отырғызу-тиеу кездерінде тексеру үшін қажетті шаралардың қолданылуын қамтамасыз ететін болады. Уағдаласушы Тараптардың әрқайсысы сондай-ақ екінші Уағдаласушы Тараптың нақтылы қатерге байланысты арнайы шара қолдануы туралы кез келген өтінішін зор тілектестікпен қарап отырады.

5. Әуе кемесін заңсыз басып алуға байланысты немесе әуе кемесінің, ондағы жолаушылар мен экипаждың, әуежайлар мен басқадай аэронавигациялық құралдардың қауіпсіздігіне қарсы бағытталған басқа заңсыз актілерге байланысты қақтығыстар немесе қақтығыс қатері туған жағдайда, Уағдаласушы Тараптар өзара байланысты жеңілдету арқылы және ондай қақтығыстарды немесе қақтығыс қатерін тез және қауіпсіз түрде жою мақсатында басқалай тиісті шаралар қолдану арқылы бір-біріне көмектеседі.

19-бап

Консультациялар

1. Уағдаласушы Тараптардың авиациялық өкімет орындары мезгіл-мезгіл осы Келісімнің және оның Қосымшаларының тиісті орындалуын қамтамасыз ету мақсатында өзара ынтымақтастық негізінде бір біріне кеңестер береді.

2. Кез келген Уағдаласушы Тарап кез келген уақытта осы Келісімді түсіндіруге, қолдануға немесе өзгертуге байланысты екінші Уағдаласушы Тараптан консультациялар жүргізуді талап ете алады. Осындай консультациялар Уағдаласушы Тараптардың авиациялық өкімет орындары арасында хат алмасу немесе келіссөздер жүргізу арқылы жүргізіледі, егер Уағдаласушы Тараптар осы мерзімді көбейту немесе қысқарту туралы өзге шешім қабылдасаса сұрау түскен күннен бастап 60 (алпыс) күннен кешіктірілмей басталуы тиіс.

20-бап

Дауларды реттеу

1. Уағдаласушы Тараптардың арасында осы Келісімді түсіндіру немесе қолдану жөнінде дау туындаған жағдайда, Уағдаласушы Тараптар бірінші кезекте оны Уағдаласушы Тараптардың авиациялық өкімет орындары арасында тікелей келіссөздер жүргізу арқылы шешуге тырысатын болады.

2. Аталған авиациялық өкімет орындары келісімге жете алмаған жағдайда, дау дипломатиялық арналар арқылы шешілетін болады.

3. Жоғарыда көрсетілген тәсілдермен реттеу мүмкін болмаған жағдайда кез келген Уағдаласушы Тараптың сұрауы бойынша дау екеуін Уағдаласушы Тараптардың әрқайсысы, ал үшіншісін тағайындалған төрешілер тағайындайтын, үш төрешіден

тұратын соттың (осында және бұдан әрі "Төрелік сот") қарауына тапсырылатын болады

4. Уағдаласушы Тараптардың әрқайсысы бір Уағдаласушы Тарап екіншісінен дипломатиялық арналар арқылы дау-дамайды Төрелік сотта қарауға сұрау алған уақыттан бастап 60 (алпыс) күннің ішінде төрешіні тағайындайды және үшінші төреші содан кейінгі 60 (алпыс) күннің ішінде тағайындалады. Кез келген Уағдаласушы Тараптың белгіленген мерзімде төрешіні тағайындауға қолы жетпеген жағдайда, кез келген Уағдаласушы Тарап Халықаралық Азаматтық Авиация Ұйымы Кеңесінің Президентіне, жағдайға байланысты төрешіні немесе төрешілерді тағайындау туралы өтінішімен баруы мүмкін.

5. 4-тармақтың ережелеріне сәйкес тағайындалған үшінші төреші үшінші мемлекеттің азаматы болуы тиіс және Төрелік сот Төрағасының міндеттерін орындауы тиіс.

6. Төрелік сот өз рәсімдерін өзі белгілейді.

7. Төрелік соттың шығыстары, төрешілердің шығыстарын қоса, Уағдаласушы Тараптардың арасында тең бөлінеді.

8. Уағдаласушы Тараптар Төрелік соттың аралық немесе түпкілікті шешіміне сәйкес іс-әрекет жасауы тиіс.

9. Егер кез келген Уағдаласушы Тарап Төрелік соттың осы Баптың ережелеріне сәйкес қабылданған шешімін орындамайтын болса, онда екінші Уағдаласушы Тарап осы Келісімге сәйкес міндеттемелерді орындамаған Тарапқа ол берген құқықтар мен басымдықтарды шектеуі, тоқтатуы немесе шақыртып алуы мүмкін.

21-бап

Өзгерістер мен толықтырулар

1. Осы Келісімге Уағдаласушы Тараптардың арасында осы Келісімнің 19-бабына сәйкес консультациялар жүргізілгеннен кейін келісілген кез келген өзгеріс осы Келісімнің 24-бабының 1-тармағының ережелеріне сәйкес күшіне енеді.

2. Осы Келісімнің Қосымшасына өзгерістер мен толықтырулар Уағдаласушы Тараптардың авиациялық өкімет орындарының арасында келісім бойынша енгізілуі мүмкін және олардың бірлесіп белгілеген күнінен бастап күшіне енеді.

3. Екі Уағдаласушы Тараптың қатысуымен әуе көлігі туралы көп жақты келісім жасалған жағдайда, осы Келісім сол келісімге қарама-қайшы бөлігінде, соған сәйкес келтіру мақсатында өзгертілетін болады.

22-бап

Тіркеу

Осы Келісім және оған кез келген өзгерістер мен толықтырулар Халықаралық азаматтық авиация ұйымында және БҰҰ Хатшылығында тіркелетін болады.

23-бап

Күшін тоқтату

1. Уағдаласушы Тараптардың әрқайсысы кез келген уақытта екінші Уағдаласушы Тарапқа дипломатиялық арналар арқылы осы Келісімнің күшін жою ниеті туралы мәлімдейді. Осындай мазмұнды мәлімдеме біруақытта Халықаралық азаматтық авиация ұйымына кешіктірмей жіберілетін болады. Бұл жағдайда, егер көрсетілген мәлімдеме осы мерзімнің ішінде Тараптардың өзара келісуі бойынша кері қайтарылып алынбаса, онда бұл Келісімнің күші осындай мәлімдемені екінші Уағдаласушы Тарап алған күннен бастап 12 (он екі) ай өткеннен кейін күшін тоқтатады.

2. Екінші Уағдаласушы Тараптан мәлімдеме алғаны туралы растау болмаған жағдайда, онда сол мәлімдеме Халықаралық Азаматтық Авиация Ұйымы алған күннен бастап он төрт (14) күн өткеннен кейін оны екінші Уағдаласушы Тарап алды деп есептелетін болады.

24-бап

Күшіне енуі

1. Осы Келісім белгіленбеген мерзімге жасалады, Уағдаласушы Тараптар алмасатын және солармен бір біріне осы Келісімнің күшіне енуі жөнінде өздерінің конституциялық талаптарын орындағаны туралы мәлімдейтін дипломатиялық ноталардың екіншісін алған уақыттан бастап күшіне енеді.

2. Осы Келісім күшіне енген күннен бастап Софияда 1969 жылғы 7 шілдеде қол қойылған Болгария Халық Республикасы Үкіметі мен КСРО Үкіметінің арасындағы Әуе қатынасы туралы келісімнің күші екі елге қатысты тоқтайды.

Жазылғанның дәлелі ретінде өздерінің тиісті үкіметтері тиісті түрде уәкілетті берген төменде қол қоюшылар осы Келісімге қол қойды.

_____ қаласында 199__ жылғы "___" _____ екі түпнұсқа дана болып, әрбірі қазақ, болгар және орыс тілдерінде жасалды, әрі барлық мәтіндердің бірдей күші бар. Түсіндіруде немесе аудармада үйлеспешілік болған жағдайда, орыс тіліндегі мәтін басым деп есептелетін болады.

Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін

Болгария Республикасының

Үкіметі үшін

Келісімге қосымша бағыттар кестесі

А Бөлімі

Қазақстан Республикасының тағайындалған авиакәсіпорны (авиакәсіпорындары) екі бағытта пайдаланатын тұрақты әуе авиажелілерінің бағыттары:

Қазақстан	Республикасындағы	шығу
пункттері		- Алматы
Аралық пункттер		- таңдауы бойынша
	кез келген пункт	
Болгария	Республикасындағы	бару
пункттері		- София
Тыс жерлердегі пункттер		- таңдауы бойынша
	кез келген пункт	

Б Бөлімі

1. Болгария Республикасының тағайындалған авиакәсіпорны (авиакәсіпорындары) екі бағытта пайдаланатын тұрақты әуе авиажелілерінің бағыттары:

Болгария	Республикасындағы	шығу
пункттері		- Алматы
Аралық пункттер		- таңдауы бойынша
	кез келген пункт	
Қазақстан	Республикасындағы	бару
мекендері		- София
Тыс жерлердегі пункттер		- таңдауы бойынша
	кез келген пункт	

2. Келісілген тұрақты авиажелілер бойынша үшінші елдерге/ден бағытта әуенің бесінші еркіндігі бойынша коммерциялық құқықтар, егер олар Уағдаласушы Тараптардың тағайындалған авиакәсіпорындарының арасында алдын ала келісілген және ескертілген және солардың авиациялық өкімет орындарымен бекітілген жағдайда ғана қолданылуы мүмкін.

3. Кез келген немесе барлық аралық пункттер, сондай-ақ тысқарыдағы мекендер тағайындалған авиакәсіпорынның қарауымен бір немесе барлық ұшуларды орындау кезінде, желі осы авиакәсіпорынды тағайындаған Уағдаласушы Тараптың аумағында басталады және аяқталады деген шартпен, қонбай өткізілуі мүмкін.